8D02304– «Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Мұхаметқали Аяна Аяпбергенқызының «Бақытжан Момышұлының философиялық прозасындағы интертекст функциялары» атты диссертациясына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертацияның тақырыбы, мазмұны мен алынған нәтижелері әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың, оның ішінде тіл, әдебиет, мәдениет және білім беру салаларының басым бағыттарына толық сәйкес келеді. Сонымен қатар жұмыс Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың стратегиялық бағдарларымен, ұлттық құндылықтарды сақтау және дамыту міндеттерімен мазмұндық тұрғыдан сабақтас.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	1)Диссертацияның нақты мемлекеттік ғылыми жоба немесе нысаналы бағдарламамен тікелей байланысы жоқ. 2)Диссертация зияткерлік әлеуетті нығайту мақсатында Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде орындалған. 3)Диссертация ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес.Зерттеу ҚР ЖҒТК айқындаған «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» бағыты мен оның ішіндегі «Ұлттық бірегейлікті, рухани-мәдени құндылықтарды сақтау және дамыту», «Тіл, әдебиет, мәдениет және өнерді зерттеу» сияқты басым салаларға толық сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы жеткілікті деңгейде ашылған. Диссертацияда Бақытжан Момышұлының философиялық прозасы отандық әдебиеттанудағы интермәтінділік теориясы, философиялық проза поэтикасы, мифопоэтикалық таным, діни-сакралды дискурс және әлемдік әдеби-философиялық мәтіндермен диалог аясында

			қарастырылған. Зерттеудің ғылыми құндылығы, ең алдымен, көркем мәтіннің семантикалық, концептуалдық, аксиологиялық және рецептивтік қабаттарын ұйымдастыратын поэтикалық тетік ретінде пайымдалуынан көрінеді. Диссертацияның маңыздылығы Бақытжан Момышұлы прозасын ұлттық руханият пен әлемдік интеллектуалдық ойдың тоғысында туған көркемдік құбылыс ретінде зерделеуінен де айқындалады. Автор философиялық прозадағы интермәтіннің адам болмысы, уақыт, тарихи жад, ар-ождан, парыз, рухани таңдау, ұлттық бірегейлік тәрізді іргелі ұғымдарды көркемдік тұрғыдан өзектендірудегі қызметін нақты мәтіндік талдаулар арқылы негіздейді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу қазақ әдебиетіндегі философиялық прозаның жанрлық-стильдік табиғатын тереңірек тануға, интермәтінділік ұғымының ұлттық әдеби материал негізіндегі теориялық қолданысын кеңейтуге мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыс мәтінінен ізденушінің зерттеу нысанын өз бетінше игеруге, ғылыми мәселені дербес пайымдауға және көркем мәтінмен тікелей жұмыс істеуге ұмтылғаны анық байқалады. Жұмыстың құрылымдық логикасы, тараулар арасындағы ұғымдық байланыс, негізгі категориялардың бірізді қолданылуы және көркем мәтіндерді талдау барысындағы интерпретациялық шешімдер диссертанттың зерттеу материалын дербес ғылыми тұрғыдан меңгергенін көрсетеді. Интермәтіндік фрагменттердің көркем мәтін ішіндегі қызметін саралау барысында авторлық талдау ұстанымы айқын көрінеді. Диссертант интермәтінділікті көркем шығарманың семантикалық, концептуалдық, аксиологиялық және рецептивтік қабаттарын ұйымдастыратын күрделі поэтикалық тетік ретінде түсіндіреді. Бұл пайымдар зерттеушінің әдебиет теориясы, философиялық проза поэтикасы, мифопоэтика, герменевтика және компаративистика салаларындағы ғылыми аппаратты белгілі дәрежеде еркін қолдана алатынын аңғартады. Жұмыста дайын ғылыми клишелерге сүйену немесе өзге зерттеулердің тұжырымдарын авторлық ұстаным

			ретінде қайталау үрдісі байқалмайды. Керісінше, диссертант теориялық еңбектерді әдіснамалық тірек ретінде пайдалана отырып, оларды нақты көркем мәтін табиғатына бейімдеп қолдануға ұмтылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі қазіргі Қазақстан әдебиеттануында көркем мәтіннің көпқабатты семантикалық құрылымын, философиялық астарын, мәтінаралық байланыстар жүйесін және авторлық дүниетанымның көркемдік формада ұйымдасу тетіктерін тереңірек зерттеу қажеттілігінен туындайды. Бақытжан Момышұлының прозасы ұлттық руханият, тарихи жад, мифологиялық таным, діни-сакралды дискурс және әлемдік әдеби-философиялық ой арналарын тоғыстыратын күрделі көркемдік жүйе ретінде айрықша назар аударуды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыста жазушы шығармашылығын интермәтінділік теориясы аясында қарастыру қазақ философиялық прозасының поэтикалық табиғатын жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді. Диссертацияда фольклорға, мифологиялық архетиптерге, Құран аяттары мен хадистерге негізделген сакралды мәтіндер, сопылық дүниетаным белгілері, сондай-ақ әлемдік әдебиет пен философия өкілдерімен түзілетін мәтіндік диалог Б. Момышұлы прозасының көркемдік-философиялық болмысын айқындайтын негізгі арналар ретінде қарастырылған. Бұл мәселе қазақ әдебиеттануында толық әрі жүйелі түрде арнайы зерттеу нысанына айнала қоймағандықтан, диссертацияның ғылыми өзектілігі даусыз. Диссертацияға арқау болған Бақытжан Момышұлының шығармалары да, көтерілген ғылыми мәселе де отандық ғылым үшін маңызды, тың зерттеу нысандары мен предметтері.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1)айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Жұмыстың құрылымы Бақытжан Момышұлының философиялық прозасындағы интермәтін функцияларын ашуға бағытталған: бірінші тарауда қазақ философиялық прозасының дәстүрі, жазушының көркемдік-философиялық

			әлемі, авторлық сана мен нарративтік құрылым мәселелері қарастырылса, екінші тарауда мифологиялық архетиптер, фольклорлық мәтіндер, діни-сакралды дискурс және әлемдік әдеби-философиялық мәтіндермен интермәтіндік байланыстар жүйесі талданады. Тараулардың мазмұны тақырыптағы философиялық проза мен интермәтінділікке байланысты негізгі екі мәселені өзара сабақтастықта ашатындықтан, зерттеу мақсатына сәйкес келеді. Сондықтан диссертация мазмұны оның тақырыбын жүйелі әрі жеткілікті деңгейде айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Автор Бақытжан Момышұлының философиялық прозасындағы интермәтіндік байланыстар жүйесін кешенді талдауды, интермәтіннің семантика тудырушы, концептуалдық, көркемдік-эстетикалық және аксиологиялық қызметін айқындауды негізгі мақсат етіп алған. Осыған сәйкес диссертацияда философиялық проза ұғымының теориялық негіздерін саралау, жазушы прозасының жанрлық-стильдік табиғатын ашу, мифологиялық архетиптер мен фольклорлық мотивтердің, діни-сакралды мәтіндер мен әлемдік әдеби-философиялық байланыстардың көркемдік қызметін талдау міндеттері қойылған. Бұл міндеттер тақырыптың негізгі өзегін құрайтын «философиялық проза» және «интермәтін функциялары» ұғымдарын жүйелі түрде ашуға бағытталғандықтан, диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа ғылыми тұрғыдан үйлесімді құрылған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Бірінші тарауда зерттеудің әдіснамалық тұғыры айқындалып, екінші тарауда осы теориялық негіз нақты мәтіндік талдауға ұласқан. Диссертант жазушы шығармаларындағы мифологиялық архетиптер, фольклорлық мәтіндер, діни-сакралды интермәтін және әлемдік әдеби-философиялық сұхбаттастық мәселелерін жүйелі саралайды. Мұндай құрылым зерттеу нысанын жалпы теориялық сипаттаудан нақты поэтикалық талдауға қарай бірізді өрбітеді. Жалпы алғанда диссертацияның тараулары мен тараушалары тақырыптық, әдіснамалық және мазмұндық тұрғыдан өзара сабақтасып,

			жұмыстың ішкі тұтастығын қамтамасыз етеді. Алайда диссертациялық жұмыстың алғашқы тарауындағы 1.3 Бақытжан Момышұлы философиялық прозасының нарративтік құрылымы және интермәтіндік негіздері атты тараушасы логикалық жүйе тұрғысында 2 тарау құрылымына сұранып тұр.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық жұмыста автор ұсынған ғылыми шешімдер негізінен дәлелденген және бұрыннан белгілі теориялық ұстанымдармен салыстырылып бағаланған. Ізденуші Бақытжан Момышұлы прозасының нақты көркемдік табиғатын ашу үшін өз тұжырымдарын ғылыми дәйектеу мақсатында интермәтінділік, диалогизм, философиялық проза, мифопоэтика, герменевтика, нарратология және компаративистика салаларындағы зерттеулерде қалыптасқан ғылыми тұжырымдарға сүйенеді. Жұмыстың жаңалығы белгілі әдеби-теориялық категорияларды ұлттық әдеби материал негізінде үйлестіре отырып, жазушы прозасындағы интермәтіннің мән үстеушілік, аксиологиялық және рецептивтік қызметтерін кешенді сипаттауынан көрінеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация нәтижелерінің жаңашыл сипаты, ең алдымен, Бақытжан Момышұлы прозасының философиялық табиғатын интермәтінділік теориясы арқылы арнайы және жүйелі түрде қарастыруынан көрінеді. Ізденуші жазушы шығармаларындағы интермәтінді шығарманың ішкі мағыналық құрылымын ұйымдастыратын поэтикалық әрі концептуалдық тетік ретінде пайымдайды. Осы тұрғыдан алғанда, диссертация Б. Момышұлы прозасын қазақ философиялық прозасы, мифопоэтика, діни-сакралды дискурс, мәдени жад және әлемдік әдеби-философиялық диалог аясында тұтас қарастыруымен ерекшеленеді. Жұмыста Көк бөрі, Көк таутеке тәрізді архетиптік бейнелердің, Құран аяттары мен хадистерге негізделген сакралды мәтіндердің, шығыстық және батыстық әдеби-философиялық дәстүрмен байланыстардың көркем мәтіндегі қызметі сараланған. Автор бұл қабаттарды жеке-жеке сипаттап қана қоймай, олардың Б. Момышұлы

			прозасындағы дүниетанымдық, аксиологиялық және семантикалық қызметін өзара сабақтастықта ашуға ұмтылады. Мұндай талдау жазушы шығармашылығының интеллектуалдық кеңістігін, көпдискурстық сипатын және философиялық мазмұнын тереңірек тануға мүмкіндік береді.
		5.2Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңаемес (25% кем жаңа болып табылады)	Ізденуші Бақытжан Момышұлының философиялық прозасын интермәтіндік поэтика тұрғысынан талдай отырып, жазушы шығармаларындағы мәтінаралық байланыстардың көркемдік қызметін жинақтап көрсетеді. Қорытындыларда интермәтін ұғымы мәтіннің мағыналық өрісін кеңейтетін, авторлық дүниетанымды айқындайтын және философиялық мазмұнды тереңдететін құрылымдық механизм ретінде тұжырымдалған. Бұл пайым Б. Момышұлы прозасын танудағы бұрынғы жалпы әдеби сипаттамаларды нақты теориялық арнаға түсіруімен маңызды. Жұмыстың қорытынды бөлімінде мифологиялық архетиптер, фольклорлық мотивтер, діни-сакралды мәтіндер мен әлемдік әдеби-философиялық дәстүрлердің жазушы прозасында біртұтас интермәтіндік жүйе құрайтыны дәйектеледі. Қорытындылардың тың сипатын нақты әдеби материалды жаңа зерттеу ракурсында жүйелеу және интерпретациялау нәтижесі ретінде қабылдаған жөн.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыс әдебиеттану ғылымы бойынша орындалғандықтан, онда техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару салаларына қатысты арнайы шешімдер ұсынылмайды. Зерттеудің негізгі нәтижелері Бақытжан Момышұлының философиялық прозасындағы интермәтін функцияларын, мифологиялық, діни-сакралды және әдеби-философиялық қабаттардың көркемдік қызметін ашуға бағытталған. Сондықтан жұмыстың жаңалығы техникалық немесе басқарушылық шешімдерден емес, қазақ әдебиеттануындағы философиялық проза мен интермәтін поэтикасын ұлттық әдеби материал негізінде тереңдетіп пайымдауынан көрінеді.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияның қорытындылары Бақытжан Момышұлы прозасының кең көлемді көркем материалына сүйеніп жасалған. Ізденуші жазушының «Жайшылықтағы үш күн» повесі, «Ақсақалдар» және «Көпір» әңгімелері, «Ұлы бөрінің ұрпақтары», «Көк таутеке аяны», «Уақыт әміршілерінің әпсаналары», «Көктегі құс ізі», «Бөрі жүрегі», «Күн перзенттерінің үні» сияқты философиялық туындылары негізінде интермәтіндік жүйенің әртүрлі деңгейлерін салыстыра қарастырады. Жұмыстағы маңызды дәлелдердің бірі – мифологиялық архетиптердің мәтін құрылымындағы қызметін ашу. Мәселен, «Бөрі жүрегі» романындағы Қасқыр бейнесі тектілік, еркіндік, жад және рухани күш-қуат ұғымдарын жинақтайтын мәдени архетип ретінде талданған. Диссертант Сабыржан бейнесін қасқыр тотемімен байланыстыра отырып, кейіпкердің жеке тағдырын халықтың тарихи санасымен сабақтастырады. Бұл жерде қорытынды көркем мәтіннің нақты символдық жүйесіне сүйенеді: қасқыр архетипі кейіпкердің мінезін ғана емес, авторлық дүниетанымдағы ұлттық рух идеясын да айқындайтын семантикалық өзек ретінде дәлелденеді. Диссертация қорытындыларының негізділігі діни-сакралды интермәтіндерді талдау барысында да көрінеді. Осы орайда «Уақыт әміршілерінің әпсаналары» мен «Күн перзенттерінің үні» романдары салыстырылып, олардың интермәтіндік табиғатындағы айырмашылықтар ашып көрсетіледі: алғашқысында Құран аяттары, пайғамбарлар қиссасы, сопылық мәтіндер мен діни-этикалық пайымдар ақиқатты баяндаушы сакралды дискурс ретінде қызмет етсе, екіншісі шығармада діни, ғылыми, көркем және философиялық қабаттар көп қабатты дискурстық жүйе түзіп, мағына шеңберін едәуір кеңейтеді. Осындай поэтикалық, құрылымдық, нарративтік мәндегі принциптік айырмашылықты көрсету арқылы диссертант Б. Момышұлы прозасындағы интермәтін функциясының әр шығармаға тән философиялық бағдарға қарай өзгеріп отыратындығын дәлелдейді.

			Жұмыстың тағы бір дәлелді тұсы – әлемдік әдеби-философиялық мәтіндермен байланыстарды нақты мысалдар арқылы саралауы. «Көктегі құс ізі» романындағы Інжілдегі «Сөз» туралы идеяның логос, вибрация, болмыстың түпнегізі ұғымдарымен сабақтастырылуы, Омар Хайям поэзиясындағы фаталистік сарындардың әртүрлі романдарда әрқилы философиялық жүк арқалауы, Данте, Ницше, Н. Бор, Ф. Коллинз тәрізді тұлғаларға қатысты интермәтіндік ишаралардың адам, әлем, таным, ғылым мен руханият байланысын ашуға жұмсалуы диссертациядағы қорытындылардың интермәтіндік негізін күшейтеді. Сонымен бірге қорытындылардың негізділігін бағалағанда, жұмыстың сандық-статистикалық талдау элементтерін де ескерген жөн деп ойлаймыз. Диссертацияда Б.Момышұлының философиялық романдарындағы аллюзия, реминисценция және дәйексөз түрлері сандық жағынан жүйеленіп, интермәтіндердің жиілігі мен функционалдық салмағы салыстырылған. Мәселен, «Көк таутеке аяны» романында аллюзия мен дәйексөздердің жиірек шоғырлануы оның мифопоэтикалық және философиялық қабатының тығыздығымен түсіндірілсе, «Уақыт әміршілерінің әпсаналарында» діни-сопылық дереккөздердің басымдығы шығарманың сакралды дискурстық табиғатымен байланыстырылған. Әрине, гуманитарлық зерттеуде сандық көрсеткіштер түпкілікті дәлелдің орнын алмастырмайды. Алайда жұмыста мұндай мәліметтер сапалық интерпретацияны толықтыратын қосымша аналитикалық құрал ретінде орынды пайдаланылған. Осы негіздерге сүйене отырып, диссертацияның негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан жеткілікті дәлелденген деп бағалауға болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді;	Диссертациялық жұмыста қорғауға 6 қағидат ұсынылған. 1-қағидат: «Бақытжан Момышұлының философиялық прозасы дәстүрлі сызықтық сюжетке толық бағынбай, бейсызықтық, көпқабатты және полидискурстық баяндау жүйесіне

		3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	құрылған. Жанрлық-стильдік тұрғыдан жазушы шығармаларында роман-эссе, естелік, публицистикалық пайым және философиялық трактат белгілері тоғысып, ұлттық әдебиеттегі философиялық ойлаудың жаңа сапалық деңгейін танытады». 7.1 Қағидат дәлелденген: Диссертант бұл тұжырымды жазушы прозасының жанрлық-стильдік табиғатын, нарративтік құрылымын және авторлық сана поэтикасын талдау арқылы негіздейді. «Күн перзенттерінің үні», «Көктегі құс ізі», «Уақыт әміршілерінің әпсаналары» романдарында оқиға желісі философиялық толғаныс, естелік, авторлық рефлексия, мәдени-тарихи ишаралар және діни-философиялық пайымдар арқылы күрделенетіні талдаулар негізінде көрсетілген. 7.2 Қағидат тривиалды емес. 7.3 Қағидат жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалада дәлелденген: 1)Intertextuality as a Mechanism of Dialogue Between Cultures and Philosophical Traditions: A Comparative Study of Thomas Eliot's and Bakytzhan Momyshuly's Works // Theory and Practice in Language Studies. – 2025. – Vol. 15, No. 9. – pp. 2825–2836. DOI: https://doi.org/10.17507/tpls.1509.04 2) Б. Момышұлы прозасындағы өмір шындығы және көркемдік шешім // «Жамбыл Жабаев мұрасының қазіргі әдебиеттанудағы орны мен маңызы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. 2-қағидат: «Жазушы шығармаларындағы Көк бөрі, Көк таутеке тәрізді мифологиялық архетиптер мен фольклорлық мәтіндер этнографиялық элемент деңгейінде қалмай, автордың дүниетанымдық концепциясын ашатын негізгі танымдық тетік қызметін атқарады. Бұл бейнелер ұлттық мәдени жадты жаңғырта отырып, кейіпкердің рухани ізденісі мен болмыстық таңдауын айқындайды». 7.1 Қағидат дәлелденді. Диссертацияда «Бөрі жүрегі», «Ұлы бөрінің ұрпақтары», «Көк таутеке аяны» романдары негізінде мифологиялық архетиптердің мәтін

			ішіндегі қызметі арнайы қарастырылған. Көк бөрі бейнесі ұлттық тек, тарихи жады, еркіндік пен рухани беріктік ұғымдарымен байланыстырылған, ал Көк таутеке бейнесі жоғары болмысқа ұмтылу, тылсыммен қатынас, моральдық тазару және рухани құтқарылу идеяларын жинақтайтын символдық өзек ретінде талданған. 7.2 Қағидат тривиалды емес. 7.3 Қағидат жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі орташа. Қағидат ең алдымен Б. Момышұлы прозасының мифопоэтикалық табиғатын түсіндіруге арналған, алайда оны қазіргі қазақ прозасындағы архетиптік образдар мен мәдени жады мәселесін зерттеуде де қолдануға болады. 7.5 Мақалада дәлелденген: Intertext in the prose of Bakhytzhan Momyshuly // Process management and scientific developments. – Birmingham, United Kingdom, October 13, 2021. – pp. 75–79. DOI: 10.34660/INF.2021.58.81.015. 3-қағидат: «Сакралды мәтіндер, атап айтқанда Құран аяттары, хадистер және сопылық дискурс элементтері Бақытжан Момышұлы прозасында мағына тудырушы қызмет атқарып, кейіпкерлердің ішкі моральдық таңдауы мен рухани-экзистенциалдық ізденісін айқындайды». 7.1 Қағидат дәлелденді. Ізденуші бұл тұжырымды «Уақыт әміршілерінің әпсаналары» және «Күн перзенттерінің үні» романдарының материалдары арқылы негіздейді. Аталған шығармаларда діни мәтіндер көркем кеңістікке адамның болмыстық жауапкершілігін, күнә мен тәубе, сенім мен күмән, ар мен парыз арасындағы ішкі тартысты ашатын аксиологиялық өлшем ретінде қызмет етеді. Диссертацияда сакралды интермәтіннің кейіпкер мінезін бағалауға, авторлық ұстанымды тереңдетуге және романның философиялық деңгейін күшейтуге қатысатыны нақты талданған. 7.2 Қағидат тривиалды емес. 7.3 Қағидат жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі орташа. 7.5 Мақалада дәлелденген: Intertextuality as a Mechanism of Dialogue Between Cultures and Philosophical

			Traditions: A Comparative Study of Thomas Eliot's and Bakytzhan Momyshuly's Works // Theory and Practice in Language Studies. – 2025. – Vol. 15, No. 9. – pp. 2825–2836. DOI: https://doi.org/10.17507/tpls.1509.04. 4-қағидат: «Бақытжан Момышұлы прозасындағы әлемдік әдеби-философиялық кеңістікпен диалог идеялық сабақтастық пен интеллектуалдық қабаттардың қалыптасуын қамтамасыз етеді. Мәтін құрылымында шығыс поэзиясы, батыс классикасы және қазіргі ғылыми-философиялық тұжырымдар өзара кірігіп, ғаламдық мәселелерді пайымдауға бағытталған біртұтас когнитивтік кеңістік түзеді». 7.1 Қағидат дәлелденді. Диссертацияда Омар Хайям, Данте, Ф. Ницше, Н. Бор, Ф. Коллинз, сондай-ақ жапон хайкулары мен әлемдік рухани-философиялық мәтіндер Б. Момышұлы прозасындағы интермәтіндік диалогтың маңызды арналары ретінде талданады. Мәселен, Омар Хайям поэзиясымен байланыс уақыт, тағдыр, фәнилік, адам еркіндігі мәселелерін тереңдету үшін өзекті мәнге ие болса, Данте мен Ницше мәтіндері адам болмысы, рухани сынақ, өркениеттік дағдарыс туралы философиялық астарды күшейтеді. Н. Бор мен Ф. Коллинзге қатысты ғылыми-интеллектуалдық интермәтіндер ғылым мен сенім, таным мен руханият арақатынасын жаңа қырынан пайымдауға мүмкіндік береді. 7.2 Қағидат тривиалды емес. 7.3 Қағидат жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалада дәлелденген: 1)Intertextuality as a Mechanism of Dialogue Between Cultures and Philosophical Traditions: A Comparative Study of Thomas Eliot's and Bakytzhan Momyshuly's Works // Theory and Practice in Language Studies. – 2025. – Vol. 15, No. 9. – pp. 2825–2836. DOI: https://doi.org/10.17507/tpls.1509.04; 2)Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарындағы орыс тілді әдебиетіндегі мәдениеттер диалогы және интертекстуалдық байланыстар // Современная казахстанская проза: ведущие тенденции, новые имена,

			перспективы изучения. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: ҚазҰУ им. әл-Фараби, 2025. – 134–141 бб. 5-қағидат: «Бақытжан Момышұлы прозасында уақыт пен кеңістік дәстүрлі хронологиялық жүйеге толық бағынбай, ретроспекция, ішкі монолог, авторлық рефлексия және диалог арқылы экзистенциалдық әрі психологиялық тереңдікке ие болады». 7.1 Қағидат дәлелденді. Диссертант «Көктегі құс ізі», «Жайшылықтағы үш күн», «Күн перзенттерінің үні» сияқты шығармалар негізінде көркем мекеншақтың күрделі түзілімін көрсетеді. «Жайшылықтағы үш күн» повесіндегі Нұрланның Маугли туралы қиялы балалық санадағы мәдени жад мен табиғатқа ұмтылыс идеясын ашса, «Көктегі құс ізі» романындағы уақыт пен кеңістік нақты оқиғалық өрістен асып, рухани ізденіс пен авторлық рефлексияның философиялық алаңына айналады. Мұндай талдауларда уақыт кейіпкердің ішкі күйін, жадын, күмәнін және танымдық қозғалысын айқындайтын көркемдік категория ретінде қарастырылған. 7.2 Қағидат тривиалды емес. 7.3 Қағидат жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалада дәлелденген: Философиялық прозадағы интермәтіннің экспрессивтік қызметі (Б. Момышұлы «След птицы в небе» романының негізінде) // «Керуен» ғылыми журналы. – 2022. – №2, 75-том. – 166–175 б. DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-13 6-қағидат: «Интермәтін Бақытжан Момышұлы прозасында формалды мәтінаралық байланыс емес, семантикалық, концептуалдық, көркемдік-эстетикалық, аксиологиялық және рецептивтік қызметтерді қатар атқаратын маңызды эстетикалық категория ретінде орныққан». 7.1 Қағидат диссертацияда дәлелденді: Бұл тұжырым диссертацияның негізгі ғылыми өзегін құрайды. Ізденуші интермәтінді дәйексөз, аллюзия, реминисценция, палимпсестік қабат,

			мәдени код, діни және философиялық ишара деңгейлерінде талдай отырып, олардың мәтін құрылымындағы қызметін бірнеше бағытта жүйелейді. Семантикалық қызмет авторлық мәтін мен бөгде мәтіннің түйісуінен жаңа мағыналық қабаттардың тууымен байланысты; концептуалдық қызмет жазушының адам, әлем, тарих, руханият туралы философиялық ұстанымын айқындайды; аксиологиялық қызмет кейіпкердің моральдық таңдауын бағалауға мүмкіндік береді; рецептивтік қызмет оқырманның мәдени танымын іске қосып, оны мәтін мағынасын бірлесіп құраушы субъект ретінде танытады. 7.2 Қағидат тривиалды емес. 7.3 Қағидат жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалада дәлелденген: 1) Reference as a form of intertextuality // «Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы». «Филология ғылымдары» сериясы. – 2022. – №4. – 329–338 бб. DOI: 10.48371/PHILS.2022.67.4.025; 2) Философиялық прозадағы интермәтіннің экспрессивтік қызметі (Б. Момышұлы «След птицы in the sky» романының негізінде) // «Керуен» ғылыми журналы. – 2022. – №2, 75-том. – 166–175 б. DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-13; 3) Intertext in the prose of Bakhytzhan Momyshuly // Process management and scientific developments. – Birmingham, United Kingdom, October 13, 2021. – pp. 75–79. DOI: 10.34660/INF.2021.58.81.015.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыста әдістеменің таңдауы негізделген және зерттеу логикасына сәйкес нақты жазылған. Ізденуші Бақытжан Момышұлының философиялық прозасындағы интермәтін функцияларын зерттеу нысанының көпқабатты табиғатына сай бірнеше әдебиеттанымдық талдау ыңғайын өзара сабақтастықта қолданады. Атап айтқанда, интермәтіндік талдау дәйексөз, аллюзия, реминисценция, палимпсестік қабаттар мен мәдени кодтардың мәтін ішіндегі қызметін анықтауға бағытталса, компаративтік әдіс жазушы прозасындағы ұлттық дүниетаным мен әлемдік әдеби-философиялық дәстүрлердің байланысын саралауға

			мүмкіндік береді. Әдіснамалық аппараттың орынды таңдалғаны нақты шығармаларды талдау барысында көрінеді. Мысалы, «Бөрі жүрегі», «Ұлы бөрінің ұрпақтары», «Көк таутеке аяны» романдарындағы Көк бөрі, Көк таутеке тәрізді архетиптік бейнелер мифопоэтикалық талдау арқылы түсіндірілген. Бұл әдіс аталған образдарды ұлттық мәдени жад, тектілік, рухани ізденіс, болмыстық таңдау ұғымдарымен сабақтас көркемдік-философиялық код ретінде пайымдауға жағдай жасайды. Ал «Уақыт әміршілерінің әпсаналары» мен «Күн перзенттерінің үні» романдарындағы Құран аяттары, хадистер, сопылық сарындар мен сакралды мәтіндік қабаттарды талдауда герменевтикалық және философиялық әдістердің қолданылуы қисынды: мұнда интермәтін кейіпкердің моральдық жауапкершілігін, сенім мен күмән аралығындағы ішкі күйін, авторлық аксиологиялық бағдарды ашатын мағына тудырушы тетік ретінде қарастырылады. Нарратологиялық және құрылымдық-семантикалық талдау да зерттеу пәніне сай пайдаланылған. Б. Момышұлы прозасындағы сызықтық емес (әртарапты) уақыт, ретроспекция, авторлық рефлексия, ішкі монолог, полидискурстық баяндау сияқты құбылыстарды түсіндіру үшін бұл әдістердің қажеттілігі негізделген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс гуманитарлық-филологиялық бағытта орындалғандықтан, оның негізгі нәтижелері көркем мәтінді әдеби-теориялық, интермәтіндік және герменевтикалық тұрғыдан талдау арқылы алынған. Осы ауқымды талдаулардың ішінара деректік базасын қалыптастыру мақсатында зерттеуде корпустық талдаулар жүзеге асырылған. Осы орайда статистикалық және кластерлік талдау элементтерінің қолданылуын қосымша әдіснамалық құрал ретінде бағалаймыз. Гуманитарлық зерттеуде сандық көрсеткіштер көркем мәтіннің түпкі мағынасын толық ашып бере алмағанымен, аллюзия, дәйексөз, реминисценция сияқты интермәтін түрлерінің таралу жиілігін салыстыруға,

			олардың қай шығармада қандай семантикалық салмаққа ие екенін бағдарлауға мүмкіндік береді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Диссертация филологиялық-әдебиеттанулық бағытта орындалғандықтан, онда жаратылыстану, техникалық немесе педагогикалық зерттеулерге тән арнайы эксперимент жүргізу талап етілмейді. Жұмыстағы теориялық қорытындылар мен анықталған өзара байланыстар көркем мәтіннің құрылымын, интермәтіндік қабаттарын, мифопоэтикалық және философиялық-семантикалық жүйесін талдау арқылы расталған. Ізденуші Бақытжан Момышұлының «Бөрі жүрегі», «Ұлы бөрінің ұрпақтары», «Көк таутеке аяны», «Уақыт әміршілерінің әпсаналары», «Күн перзенттерінің үні», «Көктегі құс ізі» сияқты шығармалары негізінде интермәтіннің семантика тудырушы, концептуалдық және аксиологиялық қызметін дәлелдеуге ұмтылады. Көк бөрі, Көк таутеке архетиптері, Құран аяттары мен хадистерге негізделген сакралды мәтіндер, Омар Хайям, Данте, Ницше, Н. Бор, Ф. Коллинз сынды тұлғалармен түзілетін әдеби-философиялық байланыстар нақты мәтіндік талдаулар арқылы түсіндірілген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациядағы негізгі ғылыми мәлімдемелер нақты және сенімді әдебиеттерге сүйеніп берілген. Зерттеудің теориялық негізінде интермәтінділік, диалогизм, герменевтика, философиялық проза, мифопоэтика, мәдени жады, нарратология және көркем мәтін семантикасы жөніндегі отандық және шетелдік еңбектер пайдаланылған. Атап айтқанда, интермәтінділік пен диалогизм мәселелері М. Бахтин, Ю. Кристева, Р. Барт, Ж. Деррида, У. Эко, Ж. Женетт, М. Риффатер, В. Изер еңбектерімен, ал көркем мәтінді философиялық түсіндіру Х.-Г. Гадамер, М. Фуко, П. Рикёр сияқты зерттеушілердің теориялық ұстанымдарымен байланыстырылған. Маңыздысы, диссертант теориялық әдебиеттерді зерттеу нысанына тікелей қатыстылықта, логикалық қисынды қолданады. Мысалы, Б. Момышұлы

			прозасындағы көпдауыстылық пен ішкі диалог құбылыстарын түсіндіруде М.Бахтиннің диалогизм қағидасы, интермәтіннің мәтін түзуші және мағына тудырушы қызметін айқындауда Ю.Кристева, Р.Барт, Женетт, Риффатер тұжырымдары әдіснамалық тірек ретінде алынған. Зерттеуде отандық әдебиеттанудағы осы салада еңбектері бар мамандар ескерілген. Қазақ әдебиетіндегі философиялық проза, ұлттық поэтика, психологизм, көркемдік жүйе мәселелері М. Базарбаев, З. Қабдолов, Р. Нұрғали, С. Қасқабасов, Ш. Елеукенов, Б. Майтанов, Ғ. Есім, С. Қирабаев, А. Ісімақова, Г. Пірәлі және басқа да зерттеушілер еңбектерімен сабақтастырылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/ жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі диссертацияның әдеби шолуын жасауға және зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін айқындауға жеткілікті. Жұмыста философиялық проза, интермәтінділік, диалогизм, герменевтика, мифопоэтика, нарратология, мәдени жады, діни-сакралды дискурс және компаративистика бағыттары бойынша отандық және шетелдік ғылыми еңбектер қамтылған. Пайдаланылған әдебиеттердің құрамында монографиялар, ғылыми мақалалар, докторлық және кандидаттық диссертациялар, энциклопедиялар, түсіндірме сөздіктер, сондай-ақ интермәтінділік пен философиялық прозаға қатысты арнайы теориялық еңбектер бар. Библиографиялық негіздің мұндай сипаты диссертациядағы негізгі тұжырымдардың беделді әрәі сенімді ғылыми әдебиеттерге сүйенгендігін көрсетеді. Диссертацияда пайдаланылған 135 дереккөздің 84-і – ғылыми және ғылыми-теориялық сипаттағы еңбектер. Олардың қатарында интермәтінділік, философиялық проза, мифопоэтика, герменевтика, нарратология, мәдени жады және компаративистика мәселелеріне арналған монографиялар, ғылыми мақалалар, диссертациялық зерттеулер, оқу құралдары, сөздіктер мен энциклопедиялық басылымдар бар. Қалған дереккөздер зерттеу нысаны ретінде алынған көркем шығармалар мен бастапқы әдеби мәтіндерден тұрады. Осы

			арақатынас диссертацияның әдеби шолуы үшін жеткілікті ғылыми база қалыптастырғанын көрсетеді. Осыған байланысты пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті деп бағаланады. Дегенмен зерттеу тақырыбының қазіргі әдебиеттанудағы өзектілігін ескере отырып, болашақта Б. Момышұлы шығармашылығы туралы арнайы еңбектерді, қазақ прозасындағы діни интермәтін, постсекулярлық дискурс, когнитивтік нарратология және цифрлық мәтін талдауы бағытындағы жаңа зерттеулерді қосымша қамту жұмыстың ғылыми аппаратын одан әрі толықтыра түсер еді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы Бақытжан Момышұлының философиялық прозасын интермәтінділік теориясы, мифопоэтика, герменевтика, нарратология және компаративистика ұстанымдары арқылы кешенді пайымдауынан көрінеді. Жұмыс қазақстандық әдебиеттанудағы философиялық проза поэтикасын, интермәтін функцияларын және қазіргі прозадағы көп қабатты дискурс құрылымдарын зерттеудің теориялық өрісін кеңейтеді; оның нәтижелері әдебиет теориясы, қазіргі қазақ әдебиеті, интермәтіндік компаративистика және философиялық проза мәселелерін әрі қарай зерттеуге ғылыми негіз бола алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертация нәтижелерін «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Мәтінтану», «Әдеби даму заңдылықтары», «Әдебиет поэтикасы» сынды пәндер мен элективтік курстарда ғылыми-әдістемелік материал ретінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Жұмыстың Б. Момышұлы прозасы мен интермәтін функцияларын ғылыми айналымға және оқу үдерісіне енгізу тұрғысынан жаңалығы бар. Диссертацияның практикалық ұсыныстары Бақытжан Момышұлы прозасын қазіргі әдебиеттанымдық білім кеңістігінде философиялық проза, интермәтіндік поэтика және мәдени-аксиологиялық талдау парадигмалары арқылы игерудің ғылыми-әдістемелік мүмкіндігін айқындайды. Ұсыныстардың жалпы қолданылу өрісі дәстүрлі филологиялық пәндер жүйесімен

			сабақтас болғанымен, жазушы шығармашылығын ұлттық философиялық проза мен интермәтін функциялары тоғысындағы арнайы оқу-талдау материалы ретінде ұсынуы олардың жаңартылған практикалық мәнін танытады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Жұмыста ғылыми баяндаудың негізгі талаптары сақталған: зерттеу нысаны мен пәні нақты айқындалған, теориялық ұғымдар жүйесі бірізді қолданылған, тараулардың ішкі логикасы әдебиеттанулық талдау міндеттерімен сабақтас құрылған. Автор интермәтінділік, философиялық проза, мифопоэтика, герменевтика, нарратология, сакралды дискурс сияқты күрделі ұғымдарды ғылыми қисынды қолдана отырып, Бақытжан Момышұлы прозасының көркемдік-философиялық табиғатын арнайы терминологиялық регистр арқылы сипаттайды. Мәтіннің жалпы ресімделуі диссертациялық жұмысқа қойылатын академиялық талаптарға сәйкес келеді. Сонымен бірге жекелеген тұстарда теориялық ұғымдардың шоғырлануы сөйлем құрылымын ауырлатып, ойдың қабылдануын күрделендіретін жерлер кездеседі; кейбір пайымдарды ықшамдап, терминдердің арақатынасын нақтылай түсу жұмыстың стилистикалық тұтастығын одан әрі күшейтер еді. Алайда бұл ескертулер диссертацияның жалпы академиялық жазу мәдениетіне нұқсан келтірмейді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертациялық жұмыс жалпы алғанда ғылыми талаптарға сай орындалған. Алайда зерттеудің теориялық және мәтіндік талдау сапасын одан әрі тереңдете түсуге мүмкіндік беретін бірқатар ұсыныстарды атап өтуге болады. 1. жұмыста интермәтін, интермәтінділік, интердискурсивтілік, аллюзия, реминисценция, дәйексөз, палимпсест сияқты ұғымдар кеңінен қолданылады. Бұл категориялар зерттеу тақырыбының табиғатына толық сәйкес келеді. Дегенмен кей тұстарда аталған ұғымдардың өзара шекарасын нақтылай түсу қажет. Әсіресе интермәтін мен интердискурсивтіліктің, реминисценция мен аллюзияның, сакралды мәтін мен діни дискурстың, аналепсис пен экспозицияның арақатынасын арнайы теориялық түйіндеу жұмыстың ұғымдық аппаратын бұрынғыдан да айқындай түсер еді. 2. Бақытжан Момышұлы прозасындағы мифологиялық және діни-сакралды қабаттар негізінен кең талданған. Алайда Көк бөрі, Көк таутеке, сакралды мәтін, сопылық сарын сияқты күрделі семантикалық жүйелерді интерпретациялауда олардың ұлттық дүниетанымдағы дәстүрлі мағынасы мен жазушы мәтініндегі авторлық трансформациясын бір-бірінен ажыратып көрсетуге	

		көбірек назар аударылғаны жөн. 3. Құрылымдық жағынан 1.3 тараушаның 2-тарау мазмұнымен үйлесетіндігін жоғарыда айттық. Диссертанттың өз уәжі болып, осы қалпында қалдырған жағдайда, кіріспе бөлімде мұндай шешімге ғылыми негіздеме көтсеріп өткен дұрыс болады. Аталған ескертулер диссертацияның ғылыми құндылығын төмендетпейді. Олар, негізінен, зерттеудің теориялық аппаратын нақтылау, мәтіндік талдаудың дәлдігін арттыру және ұсынылған нәтижелерді болашақта кеңейту мүмкіндіктеріне қатысты. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс Бақытжан Момышұлының философиялық прозасындағы интермәтін функцияларын жүйелі зерделеуге арналған дербес әрі ғылыми негізделген зерттеу ретінде бағаланады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторанттың жариялаған мақалалары диссертация тақырыбының негізгі ғылыми өзегін – Бақытжан Момышұлы прозасындағы интермәтіннің семантикалық, философиялық, мәдени-аксиологиялық және компаративистік қызметтерін жеткілікті деңгейде ашып, зерттеу нәтижелерінің отандық және халықаралық ғылыми кеңістікте талқыға ұсынылғандығын айғақтайды. Талаптарға сәйкес мақалалар жиынтығы бар.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 5.12 тармағына сәйкес)	Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Мұхаметқали Аида Аяпбергенқызының «8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған «Бақытжан Момышұлының философиялық прозасындағы интертекст функциялары» атты диссертациялық жұмысын қазіргі қазақ әдебиеттануындағы философиялық проза, интермәтіндік поэтика және мәдени-аксиологиялық талдау мәселелерін жүйелі қарастырған, өзіндік ғылыми жаңалығы мен теориялық-практикалық маңызы бар, аяқталған зерттеу деп бағалаймыз. Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін қойылатын талаптарына толық жауап береді. Сондықтан диссертант Мұхаметқали Аида Аяпбергенқызына «8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент:
М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты
бас директорының ғылыми жұмыс
жөніндегі орынбасары,
филология ғылымдарының кандидаты **А.К. Калиева**